

Қырғыз Республикасынан Словак Республикасына Қазақстан Республикасының аумағы арқылы авиациялық техника мен авиациялық-техникалық мүлікті транзиттеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 6 сәуір N 368

"Қару-жараққа, әскери-техникаға және екі ұдай мақсаттағы өнімге экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Z960009_Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1997 жылғы 31 қазандағы N 23 келісім-шарт бойынша "Джой Словакия" компаниясына (Словак Республикасы) Қырғыз Республикасының Қорғаныс министрлігі беретін, қосымшаға сәйкес, авиациялық техника мен авиациялық-техникалық мүлікті Қырғыз Республикасынан Словак Республикасына Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі Қазақстан Республикасының аумағы бойынша тасымалдаудың орындалуын белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден

комитеті авиациялық техника мен авиациялық-техникалық мүліктің Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзиттік тасымалдануын белгіленген тәртіппен бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1999 жылғы
6 сәуірдегі
N 368 қаулысына
қосымша

Қырғыз Республикасынан Словак Республикасына
Қазақстан Республикасының аумағы арқылы темір жол
көлігімен тасымалдауға жататын авиациялық техника
мен авиациялық-техникалық мүліктің
Тізбесі

"Луговая" кеден бекеті - "Озинки" кеден бекеті бағыты бойынша:

- | | |
|--|-----------|
| 1. Л-39 оқу-жаттығу ұшағы | 19 бірлік |
| 2. МиГ-29 жерүсті макет-тренажері | 3 бірлік |
| 3. УТИ МиГ-5 ұшағының макеті | 1 бірлік |
| 4. МиГ-7 ұшағының макеті | 1 бірлік |
| 5. Як-18 ұшағының макеті | 1 бірлік |
| 6. МиГ-23Б жерүсті макет-тренажері | 1 бірлік |
| 7. Поршеньді авиадвигательдің оқу-кесінді макеті | 3 дана |
| 8. Л-39 ұшағына арналған Аи-25ТЛ авиадвигателі | 7 дана |
| 9. Л-39 ұшағына арналған "Сапфир-5" ұшыру агрегаты | 2 дана |
| 10. УПС-16 палаткасы | 1 дана |
| 11. УПС-15 палаткасының тірегі | 1 дана |

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М

Омарбекова А.Т.